

**Т.М. Махмұт<sup>1</sup>, Н.К. Султанова<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті  
Қазақстан, Семей қаласы.  
e-mail: [asema.kalieva.86@mail.ru](mailto:asema.kalieva.86@mail.ru)

## **БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Мақалада құзіреттілік түсінігіне анықтама бере отырып, студенттердің кәсіби құзіреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары көрсетілген. Кәсіби құзіреттілікті қалыптастыруда шетелдік, отандық және кеңестік ғалымдардың пікірлері баяндалған. Еліміздегі саяси, экономикалық, мәдени, қоғамдық өміріндегі өзгерістерге сай жоғары оқу орындары үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, өз ісінің шебері, бәсекеге қабілетті, кең ауқымды, жан-жақты дамыған, өзінің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының мазмұны мен сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына талаптың жоғарылуына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби білігі мол мамандарды даярлауды көздеп отыр. Аталған міндеттерді жүзеге асыруда Қазақстанда болашақ мамандарды кәсіби даярлаудың қазіргі кезеңдегі жай-күйіне талдау жасауда жоғары оқу орындарының алдына әлеуметтік-экономикалық, экономикалық және ұйымдастыру-басқарушылық, кәсіби құзіретті, сауатты мамандарды даярлау міндеті қойылып отырғандығы анықталды. Педагог мамандардың кәсіби іс-әрекетінің өзіндік ерекшеліктері бар. Мұның өзі оларды жаңа ғылыми-педагогикалық идеяларды шығармашылықпен қабылдай алатын, оқыту теориясы мен әдістемесін игерген кәсіби-педагогикалық құзіреттіліктің жоғары деңгейін меңгерген маман ретінде даярлау мәселесін шешу көзделуде.

**Түйін сөздер:** құзіреттілік, кәсіби құзіреттілік, педагогикалық шарттар.

**Т.М. Махмұт<sup>1</sup>, Н.К. Султанова<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет  
Казахстан, г. Семей.  
e-mail: [asema.kalieva.86@mail.ru](mailto:asema.kalieva.86@mail.ru)

## **Формирование профессиональной компетентности будущих специалистов**

В статье представлены педагогические условия формирования профессиональной компетентности студентов, дающие определение понятию компетентность. Изложены мнения зарубежных, отечественных и советских ученых в формировании профессиональных компетенций. В соответствии с изменениями в политической, экономической, культурной, общественной жизни страны высшие учебные заведения, осознавая большую ответственность, нацелены на подготовку квалифицированных, квалифицированных специалистов, конкурентоспособных, широкомасштабных, всесторонне развитых, знающих свое дело в связи с изменением содержания и характера своего социально-экономического и духовного развития и повышением требований к качеству труда. В реализации данных задач, анализируя состояние профессиональной подготовки будущих специалистов в Казахстане на современном этапе, было установлено, что перед высшими учебными заведениями ставится задача подготовки социально-экономических, экономических и организационно-управленческих, профессионально компетентных, грамотных специалистов.

**Ключевые слова:** компетенция, профессиональная компетенция, педагогические условия.

**T. M. Makhmut<sup>1</sup>, N. K. Sultanova<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Kazakh Humanitarian and legal Innovation University  
Kazakhstan, Semey.  
e-mail: [asema.kalieva.86@mail.ru](mailto:asema.kalieva.86@mail.ru)

## **Formation of professional competencies of future specialists**

The article presents the pedagogical conditions for the formation of professional competence of students, which define the concept of competence. The opinions of foreign, domestic and Soviet scientists in the formation of professional competencies are presented. In accordance with the changes in the political, economic, cultural, and social life of the country, higher education institutions, realizing their great responsibility, are aimed at training qualified, qualified specialists, competitive, large-scale, comprehensively developed, who know their business in connection with the changing content and nature of their socio-economic and spiritual development and increasing requirements for the quality of work. In the implementation of these tasks, analyzing the state of professional training of future specialists in

Kazakhstan at the present stage, it was found that higher educational institutions are tasked with preparing socio-economic, economic and social programs.

**Key words:** competence, professional competence, adaptation, pedagogical innovation.

### **Кіріспе.**

Елімізде қазіргі таңда қалыптасқан еңбек нарығы білімді, шығармашылық деңгейі жоғары, іс-әрекеттің сан түрлі саласында өз білімі мен іскерлігін қолдана алуға қабілетті мамандардың кәсіби дайындығының деңгейіне және сапасына қойылатын талаптарға өз ықпалын тигізуде. Осы орайда, жоғары оқу орындарының үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, шебер, бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған маман дайындауға ұмтылуы, өзінің бүкіл қызметін осы бағытқа қарай бұруы заңды құбылыс, себебі, қоғам өзінің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының мазмұны мен сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына деген талаптың жоғарылауына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби құзыретті мамандарды қажет етеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Ұлт жоспары «100 нақты қадам» бағдарламасында «Ұлттың дамыған мемлекеттердің отыздығына кіруі үшін адам капиталының сапасын көтеріп, кадрлардың бәсекелестік қабілетін арттыруымыз қажет» деген нақты тапсырма міндеттесе, «Қазақстан-2050 Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс» - деп болашақ мамандарды сапалы дайындау мәселесін ерекше атап көрсетті. Осы міндеттерді шешудің басты тетігі - жан-жақты дамыған, мамандығына сай кәсіби құзыреттілігі жоғары тұлғаны дайындау болып табылады [1].

### **Негізгі бөлім.**

Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында жоғары білім берудің ұлттық деңгейдегі басты мақсаты – еліміздің әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсенді қатысуға дайын, кәсіби құзыретті тұлғаның қалыптасуына ықпал ету деп нақты көрсетілген. Әлемдік тәжірибе мен ұлттық практика негізінде дайындалған бұл ресми құжатта әрбір оқушының жас ерекшеліктерін ескере отырып, білімнің мазмұнын меңгеруге бағытталған үш түрлі құзыреттіліктер жиынтығын игеруі мақсат етілген, олар: өзіндік менеджментке жататын өмірде кездесетін мәселенің шешімін табу құзыреттілігі; ақпараттық құзыреттілік; білімді игерумен бірге жүретін қарым-қатынастық, коммуникативтік құзыреттілік. Жоғары оқу орындарында мамандарды кәсіби даярлаудың әдіснамалық-теориялық негіздерін анықтауда: Арынғазин, Ш.А. Абдраман, Б. Әбдікәрімұлы, А.Е. Әбілқасымова, Б.А. Әлмұхамбетов, Е.И. Бурдина, С.А. Дружилов, Е.Ө. Жұматаева, С.Т. Каргин, Б.Т. Кенжебеков, Қ.М. Кертаева, С.З. Қоқанбаев, В.В. Колосова, А.К. Маркова, М.С. Мәлібекова, Ш.М. Мұхтарова, Н.Ә. Мыңжанов, А.Қ. Нұрғалиева, Т.С. Сабыров, А.П.Сейтешев, В.А. Слостенин, Н.Д. Хмель, Ә.Ә. Усманов, А.И. Щербаков, Р.К. Төлеубекова, Г.О. Тәжіғұлова, В.Д. Шадриков, Л.А. Шкутина т.б. ғалымдардың зерттеулеріне арқау болып, әр қырынан қарастырылғандығына көз жеткіздік [4].

Бүгінгі таңда білім беруді жаңғырту – заманның талабы. Болашақ мамандарды даярлауда олардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың маңыздылығы қазіргі таңда жаңа технологиялармен оқыту жүйелі түрде жүргізілуде. Ол үшін студенттердің кәсіби құзыреттілігін теориялық және тәжірибелік тұрғыдан жетілдіру қажет және білім беру ұйымдарында қызмет жасайтын мамандарды қайта оқыту, интерактивті

білім беру, түрлі технологиялық тәсілдер арқылы оқуға деген қолжетімділікті арттыру, білім беруді жаңғырту сынды мысалдарды айтуға болады. Біздің елімізде білім беру жүйесін жаңғырту үш басым бағыттар бойынша жүзеге асуда. *Біріншісі*, білім беру ұйымдарын оңтайландыру және оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу.

*Екіншісі*, оқу-тәрбие үдерісін жаңғырту және педагогтар құрамының сапасын арттырудың маңызы зор. Арнаулы педагогикалық білім берудің үлгі-қалыптарын, мектептер мен жоғары оқу орындарының оқытушыларының біліктілігін арттыруға талаптарды күшейту қажет. Әр өңірде педагогтардың біліктілігін арттыратын интеграцияланған орталықтар жұмыс істеуі тиіс.

*Үшіншісі*, білім беру қызметтерінің тиімділігі мен қолжетімділігін арттыру және біліктілікті жетілдірудің тәуелсіз жүйесін құру қажет.

Мамандар даярлауда оқу-тәрбие үдерісін жаңғырту білім саласына ене бастады. Мәселен, бүгінгі таңда академиялық еркіндікті дамыту білім беру жүйесін түбегейлі өзгертті деп айтуға болады. Білім алушының таңдаған пәні бойынша, мамандығына қатысты сабақтарды меңгеруі – академиялық еркіндіктің басты қағидаты болып саналады. Элективті курстар еңбек нарығы сұраныстары негізінде оқытылады. Оқыту үдерісін жаңғырту бағыты бойынша сұранысқа ие, болашағы бар бағыттарды күшейтудің маңызы зор. Сонымен қатар, тілдерді меңгеруге, электронды оқытуға, инклюзивті білім беруге, шағын кешенді мектеп мәселелері, 12 жылдық мектепке арналған маман даярлауға баса мән беріле бастады. Жоғары интеллектуалды әлеуеті қалыптасқан, инновациялық технологияларды еркін меңгерген, ғылыми-зерттеушілік қызметке бағытталған болашақ педагогтарды даярлау, қайта даярлауды да айта кету керек. Мектеп мұғалімдері, ғалым-оқытушыларды елдегі және шетелдегі біліктілікті арттыру орталықтарында жүйелі түрде оқыту қолға алынуда.

Білім беру қызметтерінің тиімділігі мен қолжетімділігін арттыруда инновациялық технологияларды, компьютер мүмкіндіктерін пайдалану, интерактивті білім беру, қашықтықтан оқыту, виртуальды педагогика тағы басқаларды тәжірибеге ендіруге баса назар аудару қажет. Ғалым-оқытушылар, зерттеушілер жалпы орта білім беретін мектептің жаңашыл мұғалімдерімен бірлесе отырып мектеп базасында инновациялық технологияларды енгізу арқылы оқушылардың, студенттердің интеллектуалдық қабілеттерін арттыруды көздейді. Еліміздегі жоғары білім беру ордалары әлемдік білім беру жүйесіне көше бастады. Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін арттыра түсетін білікті мамандарды дайындау үшін ЖОО-ры да түрлі инновациялық әдістемелерді пайдалана бастады. «Академиялық мобильділік» бағдарламасы еліміздегі бірқатар жоғары оқу орындарында жүзеге асуда. Жоғары білім саласына көп сатылы оқу гранттары жүйесін әзірлеу, қос диплом алу, қолданбалы білім берудің өңірлік мамандықтарды ескеретін мамандандырылған оқу орындары жүйесін құру, оқыту әдістемелерін жаңғырту, оқытудың онлайн жүйелерін дамыту сынды жоғарыдағы бағыттың негізгі тетігі ретінде қарастырылуда [5].

Білім беру реформасын жүзеге асырудағы негізгі тұлға педагог болып табылады. Мемлекеттің педагог мамандарға бағдарланған әлеуметтік тапсырысы ең алдымен, жоғары оқу орнын, балабақша, мектеп таңдау жағдайында өз бетімен жауапты шешім қабылдай алатын, ынтымақтастыққа икемді, ел тағдырына жанашырлықпен қарайтын жоғары құзіретті мамандарды қалыптастыруды көздейді. Кәсіби құзіреттілікті қалыптастырудың негізгі бағыттары білім беру мазмұнын жаңартудың және қазақстандық білім беру жүйесін өзгертудің негізгі бөлігі болып табылады. Алайда білім берудің сапасы мен тиімділігін арттыруды жүзеге асыруда қазіргі педагог мамандардың қолынан келер мүмкіндіктерінің арасындағы қарама-қайшылықтың сақталып

отырғанын атап айту керек. Осы қайшылықтарды жоюда білім беру саясатындағы басым бағыттардың бірі – білім беру үдерісін күзіретті тәсілге бағдарлай отырып, оны жүзеге асырудың жолдарын қамтамасыз ететін төмендегідей маңызды міндеттерді шешу қажет:

- педагогтарды білім берудің жаңа технологияларын меңгеруден, кәсіби рөлдерді (кеңесші, топтық талдауды ұйымдастырушы, фасилитатор, тьютор) сәйкесінше игеруден тұратын күзіретті тәсілдері аясындағы жұмыстарға даярлау;
- педагогтарды баланың және өзінің денсаулығын сақтау технологиясымен қамтамасыз ету;
- білім беру үдерісін барынша дараландыру жағдайындағы іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру;

Дамыған елдердің оқыту жүйесінде кеңінен қолданылған «күзіреттілік», «күзірет» ұғымдары жаңа білім стандарты ұстанған басты бағыт ретінде біздің еліміздің білім беру жүйесіне де енді. Мұндай аса жауапты білім деңгейіне жету үшін оқу үдерісін соған сай ұйымдастыра білетін, аталған күзіреттіліктерді игерген, кәсіби күзіреттілігі қалыптасқан мамандарды даярлау міндеті тұр.

Болашақ маманның кәсіби күзіреттілігін қалыптастыру мәселесі педагогикалық-психологиялық әдебиеттерде соңғы жылдары кеңінен қарастырыла бастады.

Күзіреттілік теориясы Г.В.Вайлер, Ю.В.Койнов, Я.И.Лефстед, Н.В.Матяш, В.В.Сериков, Р.Уайт, В.Чинапах және т.б. еңбектерінде негізделген.

«Күзіреттілік» және «күзірет» ұғымдары мәселесін талдаған шетелдік ғалымдар қатарына Дж.Равен, Н.Хомский, А.В.Хуторской, Н.В.Кузьмина, А.К.Маркова, И.А.Зимняя т.б. жатады.

Отандық педагогикада «күзіреттілік» ұғымы көбіне кәсіби дайындық, кәсіби шеберлік пен мамандықты меңгеру деңгейі ретінде қарастырылып, кәсіби-тұлғалық күзіреттілік түсініктері мен кәсіби маман даярлау мәселелерімен айналысып жүрген алыс және жақын шетел ғалымдарымен қатар отандық педагогтар, психологтар еңбектерінде көрініс табууда. Оған мына

отандық ғалымдарымыздың, атап айтатын болсақ, А.Е.Әбілқасымованың, Б.Б.Баймұхановтың, М.Ә.Құдайқұловтың, Ж.А.Қараевтың, Б.Т.Кенжебековтың, С.Е.Шәкілікованың, А.Нұғысованың, С.Р.Рахметованың, Б.А.Тұрғынбаеваның, Ш.Х.Құрманалинаның, Ә.М.Мұқанбетжанованың, Т.Қ.Оспановтың, Ж.Т.Қайыңбаевтың, Б.М.Қосановтың, Қ.А.Аймағанбетованың, К.С.Құдайбергенованың, Г.Ж.Меңлібекованың және т.б. пайымдаулары мен тұжырымдамалары негіз бола алады.

Б.А.Тұрғынбаева шығармашыл оқытушыға тән құзырлылықты былайша сипаттайды: «педагогикалық ақиқаттағы проблеманы көре білу; оны тиімді шешу үшін қажетті ақпаратты тез арада таба білу, ондағы негізгіні анықтай алу; нәтижені болжай білу; жаңалықты тәжірибеге енгізе алу; әрекетін зерттеп талдай алу; нәтижеге шығармашылықпен сыни баға бере алу» [2]. Бұдан келе біз бұл автордың күзіреттілікті кез келген істің тәжірибеде көрініс табуы дегенін байқаймыз.

Б.Т.Кенжебеков күзіреттілік жөнінде: «Күзіреттіліктің бар-жоғын адам еңбегінің нәтижесіне қарап пайымдау қажет. Кез келген қызметкер, өз әрекетімен кәсіби іс-әрекеттің түпкі нәтижесіне сай талаптарға жауап беретін жұмыстарды орындаса ғана, кәсіби күзіретті болып саналады», – деп анықтама берген [3]. Өз еңбектерінде К.С.Құдайбергенова «күзірлілік – адамның өздік даму жолындағы ізгілік идеялар мен ұстанымдарға негізделген кіріктірілген сипаттамасы, ол күзір – адамның тұлға болып қалыптасуындағы қызмет барысында байқалатын мінез-кұлқы» деп тұжырым жасайды [4].

Г.Ниязова зерттеу жұмысында «күзіреттілік» ұғымына «Білім беру күзірлері – бұл білім алушылардың мағыналық бағдарлары, білімдері, біліктіліктері мен тұлғалық және әлеуметтік іс-әрекетін жүзеге асыруына қажетті нақты анықталған объектілер шеңберіне қатысты тәжірибелерінің жиынтығы» – деп анықтама береді [5].

Г.Меңлібекова болашақ педагогтің әлеуметтік құзыреттілігінің қалыптасуына үлкен мән береді. Оның пікірінше, әлеуметтік құзыреттілік – адамның әлеуметтік шындықты құндылық ретінде түсінуінің, әрекетті басқарудағы нақты әлеуметтік білімінің, өзін анықтаудағы субъективтік қабілетінің, әлеуметтік технологияны жүзеге асыру біліктілігінің бірігуі ретіндегі кіріктірілген сапалық қасиеттері [6].

Тағы бірқатар Қазақстан ғалымдары М.Жадрин, С.Мұқанова, Н.Н.Нұрахметов, Р.А.Сүлейменова және басқалар білім берудегі құзыреттілікті зерделеу негізінде төмендегідей анықтама береді: «Базалық құзыреттілік дегеніміз – мектеп қабырғасындағы оқушылардың ересек өмір сүруге, азаматтың рөлін ойнауға және білім алуды өмір бойы жалғастыруға дайындығы. Түйіндік құзыреттілік – барлық әлеуметтік мүмкіндіктерді проблемалық жағдаяттарды шешуге жұмылдыру; алған білім, білік және дағдыны, өмірлік тәжірибені белгілі бір мақсатқа қол жеткізуге шоғырландыруға қабілеттілік».

Сонымен, кәсіби білім берудегі құзыреттіліктер түйіні нәтижелерге жетуді көздейді. Мұны жоғары білім беру жүйесіндегі болашақ педагог мамандарын даярлауда ескеру қажет деп есептейміз.

#### **Қорытынды.**

Жоғарыда аталған еңбектерге талдау жасау арқылы құзыреттілікті үш топқа бөліп қарастырылатыны айқындалды:

Бірінші топ, адамның жеке тұлғалық іс-әрекет пен қарым-қатынас субъектісі ретіндегі құзыреттіліктер.

Екінші топ: адамның өзара іс-әрекеті мен әлеуметтік саласына қатысты құзыреттіліктер.

Үшінші топ: адамның іс-әрекетіне қатысты құзыреттіліктер. Қорытындылай келе, біз ғалымдардың пікірлерін басшылыққа ала отырып, «құзыреттілік» ұғымына – болашақ педагог мамандардың жеке тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты меңгерген білімдерін, дағдылары мен біліктерін, танымдық және тәжірибелік іскерлігін өмірде дұрыс қолдануы деген түсінік береміз.

#### **Әдебиеттер.**

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // «Қазақстан-2030» Стратегиясы – жедел өзгермелі тарихи жағдайлардағы жаңа Қазақстанның жаңа саяси бағыты. Астана, Ақорда 14.12.2014 ж.
2. Тұрғынбаева Б. А. // Білім берудегі менеджмент. - 2012. -№ 1. - Б. 21-24
3. Кенжебеков Б.Т. Сущность и структура профессиональной компетентности специалиста // Высшая школа Казахстана.–2002.–С.81-84
4. Құдайбергенова К.С. Құзырлылықтың педагогикалық категория ретінде дамуының теориялық-әдіснамалық негіздері // Алматы, 2012 ж.-Б.101-114
5. Сластенин В.А. Формирование личности учителя в процессе профессиональной подготовки. - М.: Педагогика, 1976. - 236 с.
6. Кенжебеков Б.Т. Болашақ педагогтің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері. – Алматы: ТОО «Стандарт», 2006–260 б.

#### **Әдебиеттер.**

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // «Қазақстан-2030» Стратегиясы – жедел өзгермелі тарихи жағдайлардағы жаңа Қазақстанның жаңа саяси бағыты. Астана, Ақорда 14.12.2014 ж.
2. Тұрғынбаева Б. А. // Білім берудегі менеджмент. - 2012. -№ 1. - Б. 21-24
3. Кенжебеков Б.Т. Сущность и структура профессиональной компетентности специалиста // Высшая школа Казахстана.–2002.–С.81-84
4. Құдайбергенова К.С. Құзырлылықтың педагогикалық категория ретінде дамуының теориялық-әдіснамалық негіздері // Алматы, 2012 ж.-Б.101-114
5. Сластенин В.А. Формирование личности учителя в процессе профессиональной подготовки. - М.: Педагогика, 1976. - 236 с.
6. Кенжебеков Б.Т. Болашақ педагогтің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері. – Алматы: ТОО «Стандарт», 2006–260 б.

**Махмұт Толғанай Махмұтқызы**

**Лауазымы:** Қазақ инновациялық гуманитарлық - заң университеті, МПП 221 тобы, 2 курс студенті

**Пошталық мекен-жайы:** 071410, Қазақстан Республикасы, Семей қаласы, Титова көш., 153- 17

**Ұялы. тел:** +7 7758394144

**E-mail:** asema.kalieva.86@mail.ru

**Султанова Нургуль Камильевна**

**Лауазымы:** педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті

**Пошталық мекен-жайы:** 071410, Қазақстан Республикасы, Семей қаласы, Титова көш., 153- 17

**Ұялы. тел:** +7 7083905146

**E-mail:** wrach100@mail.ru

**Махмұт Толғанай Махмұтқызы**

**Должность:** Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, магистрант специальности «Педагогика и психология»

**Почтовый адрес:** 071410, Республика Казахстан, г.Семей, ул. Титова, 153, кв 17

**Сот. тел:** +7 7758394144

**E-mail:** asema.kalieva.86@mail.ru

**Султанова Нургуль Камильевна**

**Должность:** кандидат педагогических наук, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет

**Почтовый адрес:** 071410, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Титова, 153, кв 17

**Сотовый. тел:** +7 7083905146

**E-mail:** wrach100@mail.ru

**Makhmut Tolganay Makhmutovna**

**Position:** Kazakh Humanitarian Juridical Innovative University, master's degree in pedagogy and psychology

**Mailing address:** 071410, Republic of Kazakhstan, Semey. Titova St, 153-17

**Mob.phone:** +7 7758394144

**E-mail:** asema.kalieva.86@mail.ru

**Sultanova Nurgul Kamilyevna**

**Position:** Candidate of Pedagogical Sciences, Kazakh Humanitarian and Legal Innovation University

**Mailing address:** 071410, Republic of Kazakhstan, Semey, Titova str., 153, kv 17

**Mob.phone:** +7 7083905146

**E-mail:** wrach100@mail.ru